

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашии Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
- Кумекоев Болат Есимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

- Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)
Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)
Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)
Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)
Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)
Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)
Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)
Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)
Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)
Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)
Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)
Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ

Қартабаева Е.Т.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: kartabayeva66@gmail.com

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазіргі таңда елімізде қолға алынып отырған рухани жаңғыру аясында, сол руханиаттың негізі болып табылатын дін мәселесін қайта қарау, діннің дұрыс түсінігін жалған діншілдіктен ажыратып, діндегі радикализм, экстремизм, ланкестік сияқты келеңсіз құбылыстардың тарихи, объективті себептері мен салдарларын анықтаудың маңызы зор. Ислам дінінің әлемдік дамудағы, соның ішінде, модернизациялық үдерістер тарихындағы орны мен рөлін анықтау да аса өзекті болып табылады. Мақалада исламның бастау көздерін, алғаш қалыптасқан уақытынан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихының белесті кезеңдерін талдау негізінде, оның дін ретіндегі басты ерекшеліктері, рухани әлеуеті зерделенеді. Мақала жазудағы басты мақсатымыз – мұсылман халықтарының тарихи дамуындағы ислам дінінің орны мен рөліне талдау жасай отырып, бұл діннің қазіргі таңдағы жаһандану, интеграция және модернизация жағдайындағы орнын анықтау болып табылады.

Түйін сөздер: мұсылмандық қозғалыс, ислам, дін, тарих, модернизация, төзімділік

ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ

Картабаева Е.Т.

Кандидат исторических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
E-mail: kartabayeva66@gmail.com

Аннотация. *Введение.* В связи с духовной модернизацией, осуществляющейся в настоящее время в стране, повышается важность пересмотра основ ислама, как основы духовности казахского народа, различение истинной религиозности от ее ложных форм, определение объективных причин радикализма, экстремизма и терроризма, присвоенных в последнее время исламу. Наиболее актуальным является определение места и роли исламской религии в мировом развитии, в том числе в истории модернизационных процессов. В статье изучаются основные особенности ислама как религии, ее духовный потенциал на основе анализа источников ислама, а также изучения основных вех истории ислама с начала его становления и до сегодняшнего дня. Основная цель написания статьи – анализировать роль и место ислама в историческом развитии мусульманских народов, определить место религии в современных условиях глобализации, интеграции и модернизации.

Ключевые слова: ислам, религия, история, модернизация, толерантность, мусульманское движение.

SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM

Kartabayeva E.T.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

E-mail: kartabayeva66@gmail.com

Abstract. Introduction. In connection with the spiritual modernization that is currently being carried out in the country, the importance of revising the foundations of Islam as the basis of the spirituality of the Kazakh people, distinguishing true religiosity from its false forms, identifying the objective causes of radicalism, extremism and terrorism, recently assigned to Islam, is increasing. The most relevant is the determination of the place and role of the Islamic religion in world development, including in the history of modernization processes. The article studies the main features of Islam as a religion, its spiritual potential based on an analysis of the sources of Islam, as well as studying the main milestones of the history of Islam from the beginning of its formation to the present day.

The main goal of this article is to analyze the role and place of Islam in the historical development of Muslim peoples, to determine the place of religion in the modern conditions of globalization, integration and modernization.

Keywords: Islam, religion, history, modernization, tolerance, Muslim movement.

Кіріспе

XXI ғасырда руханиат мәселесі еңбір өзекті мәселеге айналатындығын XX ғасырдың көрнекті тұлғалары, көреген саясаткерлері көрсетіп кеткен екен. Мысалы, XX ғ. француз ұлтының көрнекті өкілі, мемлекет қайраткері, философ әрі мәдениеттанушы А. Мальро: «XXI ғасыр руханиат ғасыры болады немесе ол мүлде болмайды» - деп көрсеткен екен (қараңыз: Саттаров, 2010: 51). Шынында да, қазіргі техногенді өркениет жағдайындағы адамзат құндылықтарының барынша өзгеруі адам рухының негіздерін шайқалту қаупін туғызып отыр. Өз өмірін зорлық-зомбылық, қастандық пен құрту-жоюға бағыштағандардың саны күн санап көбеюде. Қалыптасып отырған дағдарыстан шығу мүмкін бе? Әлде, болашаққа бұрынғы, шектеулі күйімізде, шешілмей қалған мәселелерімізбен қадам баса береміз бе? Бүгінгі күні әрқайсымыз сезініп отырған ғаламдық дағдарыс бір нәрсені айқын көрсетіп отыр – бұл ең алдымен адам руханың дағдарысы, сондықтан да рухани дағдарыстан шықпайынша, яғни рух тазалығына қол жеткізбейінше қоғамның басқа салаларындағы дағдарыстан шығу мүмкін емес. Қазіргі таңда әлемді жайлап отырған коронавирус індеті де адамзатқа осыны түсіндіре түскен тәрізді: адам баласы өзінің санасын тазартпаса, руханиатын жетілдірмесе, бұл індеттен құтылу мүмкін емес, өйткені XXI ғасырдағы жаһандану жағдайында бүкіл адамзат бір-бірімен тығыз байланысты, бұл байланысты үзу мүмкін емес, яғни індеттен құтылудың жолы ретінде ұсынылып отырған оқшаулықта болу мүмкін емес. Сондықтан адамдар бір-біріне деген жаман ниетінен арылып, бүкіл адамзатқа ізгілік ойлағанда ғана, яғни бір сөзбен айтқанда руханиат жолына түскен жағдайда ғана індеттен құтылып қана қоймай, бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған жер бетіндегі жұмақты, яғни кемел қоғамды орнатуға болады деп ойлаймыз. Мақалада осы мәселелер ислам діні мен мұсылман мемлекеттерінің тарихын объективті тұрғыдан қайта зерделеу негізінде талданады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің методологиялық негізі өркениеттілік теориясы болды. Шығыс қоғамдарының дамуын сипаттауда формациялық теорияның нәтижелі болмайтындығын, сол теорияның негізін қалаушы К. Маркстың өзі («Азиаттық өндіріс тәсілі») айтып кеткен болатын. Мақаланы жазуда, сондай-ақ, тарихилық және объективтілік ұстанымдары басшылыққа алынды. Тарихилық ұстанымы ислам діні мен мұсылман өркениетінің қалыптасып, дамуын тарихи динамикада қарастыруға, діннің негізгі қағидалары мен ұстанымдары қалыптасуының тарихи алғышарттарын анықтап, оның себеп-салдарлы байланыстарына, нәтижелеріне талдау жасауға, бұл нәтижелерге ықпал еткен қосымша факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Объективтілік ұстанымы ислам өркениеті дамуындағы әр түрлі кезеңдердің сипатын анықтап, салдарлары мен нәтижелеріне баға беруге мүмкіндік туғызды. Зерттеу барысында ғылымилық, нақты-салыстырмалы талдау, тарихи-салыстырмалы талдау, мәселелік-хронологиялық әдістері кеңінен қолданыс тапты.

Талқылау

Соңғы жылдары шығыстанушылар мен исламтанушы ғалымдар арасында ислам елдерінде орын алып отырған келеңсіз жағдайлар, соның ішінде фундаментализм, экстремизм, радикализм қозғалыстарының себептерін анықтауға бағытталған зерттеулер кеңінен жүргізілуде.

Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықта орын алып отырған процестер көбіне, ислам әлеміне тән қасіретті өзгерістермен байланысты, атап айтқанда, бұл: діншілдіктің жаңғыруы, дау-жанжалдардың күшеюі, ислам бастауларына, халифатты қалпына келтіруге шақыратын агрессивті фундаменталистік көзқарастардың саяси рөлінің күрт өсуі және т.б. Алайда бұл процестердің аса маңызды болғанына қарамастан, оларды теориялық тұрғыдан игеру, себеп-салдарлы байланыстарын анықтау мәселесі әлі де тиісті түрде жүйеленбей отыр, оларға берілетін баға барынша алуан түрлі болып келеді.

Мысалы, исламтанушы мамандардың фундаменталистік, сәләфиттік, ваххабиттік деп бағалап жүрген ислам ағымдарының мәнін түсіндіруіне қарайтын болсақ, олардың өте сан алуан екендігіне көз жеткіземіз. Американдық шығыстанушы Бернард Льюстен бастау алатын көзқарас дамудың екі бағытын – батыстық, яғни модернизациялық және шығыстық, яғни фундаменталистік модельдерін қатаң түрде бір-біріне қарсы қояды (Льюис, 2003.). Бұл көзқарас тұрғысынан фундаментализм идеологиялық дүстүршілдік, өткенге, ортағасырларға қайта оралуды аңсау ретінде қарастырылады.

Екінші бір көзқарас исламның фундаменталистік ағымдарының жаңашылдығын мойындайды, бірақ оны «модерннің қараңғы жағымен» байланыстырады, яғни жауынгерлік исламның, көп жағдайда, діннен гөрі саяси идеологияға айналып бара жатқандығын көрсетеді. Бұл көзқарасты жақтаушылар, іс жүзінде, ислам идеологиясы табиғаты бойынша (радикалды утопия), құралдары бойынша (тоталитаризм) және мақсаты бойынша (дүние жүзін жаулап алу) фашизмнің де, марсизм-ленинизмнің де мұрагері деп бағалайды (Қараңыз: Стародубровская, 2007: 12).

Ең ақырында ғалымдар арасында ислам фундаментализмін модернизациялық идеология ретінде қарастыратындар да бар. Бұл көзқарастарды жақтаушылар, фундаменталистік ислам және оған жақын ұлтшылдар, Ұлы француз революциясының идеологиясына жақын идеологияны ұсынады деп есептейді (Батыс Ағартушылығын жалпы фундаменталистік діндерге, соның ішінде исламдық Шығысқа қарсы қоятын стейкхолдерді қолдаушылар көрсететіннен анағұрлым жақын) (Калхун, 2006: 225.). Мұндай көзқарасты Солтүстік Кавказдағы, дәлірек айтқанда Дағыстандағы ислам мәселесімен айналысушы бірқатар зерттеушілер қолдайды: сәләфизмді әлеуметтік модернизацияның және Дағыстан қоғамын әлі күнге дейін шырмап отырған жеке адамның

кландық байланыстар жүйесінен шығу процесінің сыртқы көрінісі ретінде қарастырады (Макаров, 2000: 27.).

Бұл мәселелермен жекелеген зерттеушілер айналысып қоймай, өз зерттеулерінің нәтижелерімен бөлісу, пікір алмасу мақсатында исламтанушы-ғалымдар арасында дүркін-дүркін дөңгелек үстелдер де өткізілуде. Ресей исламтанушылары арасында өткен дөңгелек үстелдің қорытындыларына талдау жасағанда, ғалымдар исламдағы күннен-күнге көбейіп жатқан жаңа бағыттардың орын алуын (соның ішінде, әсіресе, сәләфизм бағытының исламның алтын ғасыры болған ерте ислам қағидаларын берік ұстану арқылы кезіндегі Халифат сияқты мықты, гүлденген мемлекет құруға ұмтылуы) өзіндік бір реформациялық қозғалыс, яғни исламды модернизациялау арқылы мұсылман елдерінің артта қалушылығын жойып, алдыңғы қатарлы, дамыған елдер қатарына қосылу ниетінен туындап отырған ізденістері деген ортақ пікірге келген (Круглый стол, 2017.).

Нәтижелер

Жалпы, қазіргі таңда ислам діні төңірегіндегі жағдай біздің еліміз ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырған, күрмеуі қиын, түйткілді мәселеге айналып отыр. Әлем елдерінің тыныштығын кетіріп отырған ең басты мәселелер, негізінен, ислам дінімен байланысты орын алуда. Терроризм, экстремизм, радикализм, фанатизм сөздері ислам дінімен байланысты тұрақты тіркестерге айналғалы қашан. Атауының өзі бүкіл адамзатқа бейбітшілік тілеуді («ислам» сөзі араб тілінен «бейбітшілік болсын» деген мағына береді) білдіретін, ғасырлар бойы бейбітшілік діні болып келген исламның, қазіргі таңда нағыз соғысқұмар, төзімсіз дінге айналып кетуі қалай?

Қазіргі таңда ислам дінінде және ислам әлемінде орын алып отырған құбыластар мен процестерге объективті-тарихи заңдылықтар тұрғысынан талдау жасауға тырысып көрейік.

Дін руханиаттың бастау көзі екендігінде күмән жоқ. Тек руханиат қана емес, жалпы өркениеттің негізінде де дін жатқандығы тарихтан жақсы белгілі. Алайда қазіргі діндер адамның рухымен жұмыс істеудің орнына, көп жағдайда руханиаттан мүлде алыс мәселелермен айналысып кеткендей ой туғызады. Соңғы кезде қаптап кеткен әр түрлі секталар мен діни бағыттар бір қоғамда өмір сүріп жатқан жекелеген адамдар мен бүтіндей ұлттарды бір-бірінен алшақтататын, тіпті қарсы қоятын әсіре ұлтшылдық немесе әсіре конфессияшылдық сияқты және басқа да саяси бағыттағы мәселелермен айналысуды өздерінің басты міндетіне айналдырып алған сыңайлы. Ислам дінінің ішінде де соңғы уақытта шынайы руханилықтан гөрі, жалған діншілдік, ұраншылдық, өзі ұстанатын дін ғана ең дұрыс деп санайтын төзімсіздік және басқа да жағымсыз сипаттағы құбылыстар байқалады. Кейде, сол исламды уағыздап жүрген мұсылмансымақтардың әрекеті исламға, шынайы ислами қағидаларға, исламның қайнар бұлағы болып табылатын Құран мен пайғамбар сүннетіне мүлде үйлеспейді десек артық болмайды.

2001 ж. 11 қыркүйек оқиғасы дінаралық қайшылықтың, төзімсіздік пен асыра сілтеушіліктің өзіндік бір кульминациялық нүктесі болды. «Ұшақтарды басып алған он тоғыз лаңкес ХХІ ғасыр парадокстарының бірін жасады: бейбітшілік діні деп саналған ислам енді кісі өлтірумен және заңсыздықпен байланыстырылатын болды» (Кэрролл, 2009: 5.). Осы оқиғадан кейін қалыптасқан халықаралық жағдай қоғамдағы дін мәселесін қайта қарап, әсіресе діни толеранттылық және дінаралық сұхбат мәселелеріне ерекше көңіл бөлудің қажеттілігін анықтап отыр.

Аталмыш бағыттағы іс жүзіндегі шараларды Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, елбасы Н.Ә. Назарбаев алғашқылардың бірі болып қолға алып, 2003 ж. әлемдік және дәстүрлі діндердің съезін шақырғаны бәрімізге белгілі. Осы үлкен жиында сөйлеген сөзінде Елбасы: «Біртұтас діни кеңістік қалыптастыру мүмкін емес. Ұлы діндердің негізінде жатқан айырмашылықтарды жоюға да болмайды. Алайда тұрақты сұхбаттың құндылығы сонда, пікірлердің саналуандығына қарамастан алтын дінгек сақталады. Және ең бастысы – сұхбат

бейбітшілік пен келісім территориясын, үйлесімділік пен ашықтық уақытын қалыптастырады. Діни сұхбаттың күмәнсіз құндылығын мен осыдан көремін», - деген болатын (Выступление, 2003). Бүгінде біздің еліміз, әлемдік дін басшыларының құрылтайы өткізілетін тұрақты мекенге айналды. Жай ғана барлық дін өкілдері емес, әлемнің жетекші теологтары бас қосатын дәл осындай екінші жер ғаламшардың өзге аймақтарында жоқ десек артық айтпаймыз.

Діни толеранттылық пен дінаралық сұхбатты іс жүзіне асырудың нақты тетіктерінің бірі сол діндердің негіздерін тарихи тұрғыдан тереңінен зерттеу болып табылады. Әсіресе, қазіргі әлемде лаңкестік пен төзімсіздіктің ошағы ретінде қарастырылып отырған ислам дінінің негіздерін, өкінішке орай, мұсылмандардың өздері де, мұсылман еместер де жете біле бермейді (Батыс елдеріндегі исламофобияның, ислам алдындағы үрей мен қорқыныштың басты себебі де осында жатса керек). Сондықтан да ислам діні мен мұсылман мемлекеттерінің тарихын терең зерттеу мен зерделеу негізінде ислам дінінің шынайы сипатын түсіндіру мешіттердің шегінен шығып, әрбір отбасының, білім ордаларының, әсіресе ғалымдар мен тарихшылардың міндетіне айналуы тиіс деп ойлаймыз.

Ислам тарихына көз жүгіртіп, оның дін ретінде қалыптасуының бастау көздеріне назар аударар болсақ, бұл діннің төзімсіздікпен, радикализм және фанатизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, керісінше, өзінің ерекше төзімділігімен және еркін ойшылдығымен ерекшеленгендігін байқау қиын емес. Ислам, пайда болған кезінен бастап-ақ, алғашқы мұсылмандарды басқалардың сеніміне құрметпен қарап, тәкаппарлықтан, асыра сілтеушіліктен, менмендіктен, бөлінушіліктен барынша аулақ болуға шақырды. Исламның қасиетті бастаулары болып табылатын Құран мен Суннада діни төзімділік барынша айқын көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қасиетті Құранның Ниса сүресінің 1-ші аятында «Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар» (Құран Кәрім, 2000: 67), ал Мәида сүресінің 48-ші аятында: «... Сендердің кейбіреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа еді, барлығыңды бір үммет қылар еді. Алайда сендерге берген жол-жобаларыңда сынамақшы, ендеше жақсылыққа жарысындар. Бір тұтас барар жерлерің Алла жақ. Ол сендердің таласқан нәрселеріңді білдіреді» (Құран Кәрім, 2000: 90). Бұл аяттардан көретініміздей бастапқыда адам баласын біртұтас қауым етіп жаратқан Алла Тағаланың кейін оларды әр түрлі ұлттар мен діндерге бөлудегі мақсаты адам баласының шынайы мақсаты болып табылатын Алланы тануында оларға ерік-жігер және таңдау еркіндігін беруінде деп түсінуге болады. Өзінің ең соңғы мақсатына жеткен кез келген адам баласы Алла Тағалада өзара қайта бірігетін болады. Яғни адам баласының әр түрлі қауымдарға бөлінуі уақытша жағдай – бұл қағида нәсілшілдіктен ғана емес, сондай-ақ басқа да адамдарды бір-бірінен бөлетін идеялардан аулақ болуға шақырады.

Ыбрахим пайғамбардан бастау алатын діндер (авраамиттік діндер), яғни иудаизм мен христиан дінін (бастапқыда зороастризм дінін де) «Кітап адамдары» деп қарастырған ислам бұл діндерді ұстанушыларға өз дінінде қалу мүмкіндігін беріп қана қоймай, оларды «зимми» (клиент – мұсылмандардың қамқорлығындағылар) деп жариялап, өз қамқорлығына алғандығы да тарихтың бұлтартпас айғағы.

Исламдағы төзімділік Мұхаммед пайғамбардың діни-саяси қызметінде ерекше көрініс тапты. Пайғамбарымыз, бір жағынан ерекше қасиет дарыған, яғни Құдаймен тілдескен мистикалық тұлға болса, екінші жағынан ол, үлкен ақыл-парасат иесі, саяси және дипломатиялық дарынға ие, өз діни идеясына толық берілген харизматикалық тұлға болды, сол идеялар үшін құрбандықтарға да бара алды. Бірақ ол ешқашан көрсоқыр, фанатик болған емес, оның өмірге көзқарасы кең еді. Мұның өзі оның өзіне дейін өткен барлық пайғамбарларды мойындауына және ислам тарихының белгілі дәуірінде Құрандағы «Кітап түскен қауымдардың» бірі – Медине иудейлерімен бір қауымбыз деп жариялауына ықпал етті. Ислам тарихына көз жүгіртсек,

Мұхаммед пайғамбардың достарына адал, қателігін мойындаған жауларына кешірімді, саяси жауларына келгенде аяусыз, алайда саяси бітімгершілік жасауға да барып отырған ақыл-парасат иесі болғандығын көреміз.

Сонымен бірге, Мұхаммед пайғамбардың мұсылмандарды ғылым-білімге шақыруының өзі исламдағы еркіншілдік пен діни төзімділікке бастаған негіздердің бірі болды. Пайғамбарымыздың «Ғылымды Қытайдан болса да ізде» деген атақты хадисі (хадисті жеткізушілер тізбегінде атақты ғұлама Абу Хамид әл-Ғазалидың болуы хадистің сенімділік деңгейін айқындай түседі) діни фанатизм, көрсоқырлық немесе томаға-тұйықтықпен еш жанаспайтын сөздер. Қатаң монотеистік дін ретіндегі ислам тұрғысынан алғанда нағыз пұтқа табынушылықтың ордасы болған буддизм елі – Қытайдан білім үйренуге шақыру нағыз еркіншілдік пен діни төзімділіктің шыңы деп бағалауға болады.

Исламда көрсоқыр догматизмнің жоқтығын оның тарихының өн бойында әр түрлі, христиан тілімен айтқанда, еретиктік идеялық ағымдардың ислам шеңберінде бейбіт қатар өмір сүргені де дәлелдей түседі. Исламның басты бағыты суннизмге ең ірі оппозициялық ағымдар – мутаизм мен исмаилизм болды. Мутаизм Алланың абсолютті бірлігіне және абсолютті әділеттілігіне негізделді. Алланың бірлігі оның антропоморфтық атрибуттарының болуын жоққа шығарды. Сондықтан да Аллаға сөйлеу атрибуты тән болмағандықтан Құран Құдай сөзі бола алмайды. Құранды мутазилиттер кәдімгі әдеби шығарма деп қарастыруға дейін барды (Фильштинский, 1999: 93). Бұл ағым халиф әл-Мамун тұсында мемлекеттің ресми бағыты болу фактісі ерте исламдағы еркіншілдіктің қаншалықты деңгейде болғандығынан хабар береді.

Ислам догматикасының дамуына шиизм бағыттарының бірі – исмаилизм елеулі үлес қосты. Исмаилиттер Құдай сөзінің сыртқы, экзотерикалық және ішкі, эзотерикалық мағынасын ажыратты. Исмаилиттердің пайымдауынша, сауатсыз, білімсіз бұқара үшін жасалған Құран түсіндірмелеріндегі сыртқы мағына Қасиетті жазбаның ішкі құпия мәнін түсінуге мүмкіндік бермейді. Оны тек рухани көсемдер – имамдар ғана түсіндіре алады. Имамдар адам жанын дәстүрлі діндердің догмаларына көрсоқырлықпен сенуден құтқарушылар болды. Имамдар инициация арқылы жаны дертке шалдыққан адамдарды Қасиетті жазбаның эзотерикалық мәнін ашу арқылы емдеу практикасын қолданған. Исмаилиттік имамдар философия және жаратылыстану ғылымдарымен айналысты. Олардың атақты «Тазалық бауырлары» энциклопедиясы антика және Шығыстың діни-философиялық ойының және сондай-ақ Араб халифатындағы философия саласындағы жетістіктердің синтезі болды. Олар да, мутазилиттер тәрізді, Алланың антропоморфты белгілерін жоққа шығарды, Құранның мәңгілік емес, уақыт шегінде пайда болғаны жөніндегі тезисті және адамның жазмыш алдындағы еркіндігі туралы қағиданы жақтады. Яғни бір сөзбен айтқанда, ортодоксалды исламнан мүлде алшақ көзқарастарды жақтаған мутазилиттер мен исмаилиттер, кейбір фанатик билеушілер тұсында қудалауға ұшырағанымен, жалпы алғанда, христиандық ортағасырлық Еуропадағыдай мүлде жоққа шығарылған жоқ.

Ерте исламда орын алған діни-философиялық негіздегі бұл ағымдар Алланы рационалды жолмен танудың жолдарын әліптеген болса, ислам шеңберінде қалыптасқан мистикалық бағыт – сопылық Жаратушы иені рационалды жолмен тану мүмкіндігін жоққа шығарып, оны түйсік (интуиция) арқылы, яғни жүрек арқылы ғана тануға болады деп жариялады. Жариялап қана қойған жоқ, Алланы танудың, яғни Алламен бірлесудің адамның рухани жетілуі арқылы іске асатын нақты жолдарын көрсетіп те берді. Өзінің Құдайды рухани, түйсік арқылы тануында сопылар адамның моральдық жағынан өзін-өзі жетілдіруін, сондай-ақ надандықты жойып, Құдай нұры ретіндегі ерекше білімге ұмтылушылықты насихаттады. Тар ойлы, шектеулі діндарлар өз дінінің ғана Қасиетті жазбасына, пайғамбарына немесе басқа да «әулиелеріне» сенсе, сопы үшін кім айтқаны маңызды емес, не айтқаны маңызды болды. Ол Христосты да, Інжілді де қабылдайды,

ақиқат Құранда да, Ведантада да бар деп есептейді. Барлық құбылыстан ол Алланы көреді, барлық формалардан бір ғана Ақиқатты іздейді. Сопылар діндердің ешқайсысын жатсынбады. Кез келген ғибадатханадан ол Жалғыз Жаратушыны көрді. Сонымен бірге оның шынайы ғибадатханасы Сүйікті Жаратушысы мәңгілік мекендейтін оның өз жүрегі болып табылады (Идрис Шах, 1994: 294). Бір сөзбен айтқанда, сопылар дінаралық және мәдениетаралық сұхбаттың нағыз ізашарлары болды десек артық айтпаймыз.

Әр түрлі мәдениеттер, діндер мен тілдер бір ғана Ақиқатты әр түрлі жеткізетін формалар ғана екендігі, әсіресе, атақты сопы ғұламаларының бірі Жалал ад-дин Румидің шығармашылығында ерекше көрініс тапқан. Өзінің «Жүзім туралы әңгімесінде» түрік, парсы, араб пен гректің арасындағы дау-жанжалы олардың жүзімді өз тілдерінде әр түрлі атауынан ғана туындағанын мысалға келтіре отырып (Суфии, 2007: 139), адамзатқа үлкен ой тастайды, түсініспестіктен туындаған қайшылықтарды жойып, өзара бірігуге шақырады.

Сонымен, еркіншілдікті негізге алған исламның аталмыш ағымдары бір діннің шеңберінде бейбіт қатар өмір сүрді. Араб халифаты дәуірінде орта ғасырлардағы христиандық Батыстағыдай шіркеу үстемдігі, шіркеу соборлары бекіткен барлық христиандарға міндетті болған діни догмалар, осы догмалардан ауытқығандарды еретиктер ретінде жазалайтын шіркеу соты деген құбылыстар болған жоқ. Исламда, сондай-ақ, ұйымдасқан табыну орны немесе христиан шіркеуіндегідей иерархиялық түрде орналасқан дінбасылары, даулы мәселелерді шешіп беретін шіркеу жиындары болған жоқ. Дүниетаным мәселелері бойынша пікір-таластар арнайы ашылған медреселерде өтіп отырды.

Синодтар немесе шіркеу соборлары сияқты жиындар болмағандықтан дүниетанымдық мәселелер фикх (құқықтану) аясында қарастырылып отырылды. Осы негізде төрт заңдық жүйе қалыптасты: ханафиттік, шафииттік, маликиттік және ханбалиттік. Егер маликиттер мен ханбалиттер көбіне заңның сыртқы формасын ұстанса, ал шафииттер мен ханифиттер заңның ішкі өзегіне мән берді. Уақыт және қоғам талабына сай жеке пікірге негізделетін рай ұстанымы ханифиттер жүйесіндегі іргелі ұстаным болса, ханбалиттер де оны ұстанудан бас тартпады. Көптеген екінші дәрежелі және кейбір аса маңызды мәселелер бойынша бір-бірінен ерекше ұстанымдарда болған олар, алайда өздерінің арасындағы айырмашылық рұқсат етілген шектерден шықпайды деп есептейді. Ханафиттік мазхабтың негізін салушы Әбу Ханифа жеткізген Мұхаммед пайғамбардың: «Менің қауымымның ішіндегі пікір айырмашылықтарының болуы Құдай шапағатының белгісі» деген хадисі бар (Goldziher, 1884: 94). Қасиетті Жазба, яғни Құран метафораларға, теңеулерге толы болғандықтан, оны дұрыс түсіну үшін жекелеген ғұламалардың пікірі (рай) және мұсылман қауымының ортақ пікірі (иджма) да қажет болды. Міне осылайша, мұсылмандық құқықтану (фикх) Құдай заңына сәйкес дамыды, және еркіншілдік пен төзімділік заңдық негізге ие болды.

Мысалы, Бернард Льюс, жоғарыда көрсеткен еңбегінде, орта ғасырларда христиан дінінде болмаған діни төзімділіктің ислам дінінде болғандығын, қанша мойындағысы келмесе де, фактілердің негізінде мойындауға мәжбүр болады. Ол ХҮІІ ғасырда Осман империясындағы діни төзімділік туралы былай дейді: «Иногда – хотя далеко не единодушно – туркам воздавали хвалу и за такую добродетель, как веротерпимость, которой до XVII столетия большинство европейцев не ждало и уж тем более ее не приветствовало. Турок упрекали не за то, что они силой навязывали свое учение, – как еще, спрашивается, навязывать учения? – а за то, что оно было ложным, то есть не христианским. Между тем на деле турки не навязывали своего учения силой, но разрешали подданным, если те признавали верховенство мусульман и платили налоги, исповедовать иные религии. В итоге к XVII веку турецкая столица была, по всей видимости, единственным городом в Европе, где христиане всех толков и течений могли жить в относительной безопасности, отстаивая всякого рода расколы и ереси. В христианском мире такое было невозможно.

Некоторым европейским авторам достало благородства признать это обстоятельство. Так, англичанин Томас Фуллер в своей «Истории крестовых походов», изданной в 1639 году, писал: «Надо отдать магометанам должное, на сей счет они славный народ, и христиане среди них могут держаться своей веры, если только держат язык за зубами и не выступают против учения Магомета» (Льюис, 2003.).

Алайда, бұл құбылыстардың бәрі исламның «алтын ғасыры» болған орта ғасырларда орын алды. Жаңа дәуірге қарай жағдай өзгере бастады. Бұл кезеңде тек ислам елдері ғана емес, барлық ортағасырлық Шығыс елдері ұзаққа созылған тоқырау кезеңіне аяқ басты. Тоқыраудың себептерін өркениеттілік теория тұрғысынан түсіндіретін болсақ, ортағасырлық өркениеттер өз дамуының шарықтау шегіне жеткеннен кейін, құлдырау дәуіріне аяқ басқан болатын. VIII ғасырда пайда болған ислам өркениеті, IX-XV ғасырларда өзінің классикалық даму кезеңін бастан өткере отырып, осыдан кейін бірте-бірте құлдырау кезеңіне аяқ басты. Оның есесіне, бұл кезеңде Еуропа елдері суырылып алға шыға бастаған болатын. Ортағасырлық Еуропада еркін ойды барынша шектеген, надандық пен соқырсенімнің, діни төзімсіздіктің ошағы болған Христиан шіркеуінің үстемдігін, орта ғасырлардың аяғына қарай орын алған Ренессанс пен Реформация қозғалысы қиратты. Айта кететін жағдай, Ренессанс пен Реформацияны туғызған факторлардың қатарында ортағасырлық Еуропа халықтарына ислам өркениетіндегі еркін ойшылдықтың, озық философиялық идеялардың, жаратылыстану ғылымдары жетістіктерінің ықпал етуін көрсетуге болады. Антикалық еркін ойшылдық пен Ренессанс дәуірі арасында «Ұлы аударма дәуірі» жатқаны белгілі: еуропалықтар өздерінің антикалық мұрасымен араб аудармалары арқылы танысты, өйткені христиан шіркеуі антикалық мұраларынан, пұтқа табынушылық, көпқұдайшылық дәуірінде пайда болғандығы үшін бас тартқан болатын. Ал реформациялық қозғалыстың нәтижесінде орын алған секуляризация процесі Еуропада ғылымның дамуына алғышарт дайындады.

Еуропа елдерінің суырылып алға шығуына, сондай-ақ жаратылыстану, география ғылымдарының дамуының нәтижесінде іске асқан Ұлы географиялық ашулар да оң ықпалын тигізді. Жаңа жерлерді игеру арқылы мол байлыққа ие болған Еуропа елдері, өздері ежелден қызығып келген Шығыс елдерін, сондай-ақ сол Шығыспен байланыстыратын негізгі сауда жолдарын өз ықпалына қарату бағытындағы құйтұрқы әрекеттерін бастап кетті. Батыстың бұл әрекеттері Шығыс елдерінің басым бөлігін өз отарларына немесе жартылай отарларына айналдырумен аяқталғаны белгілі. Алайда, бұл жағдайды тек біржақты, яғни Батыстың саясатымен ғана түсіндіруге болмайды. Егер Шығыс қоғамдарында қолайлы топырақ болмаса, бір ғана сырттан келген күшпен, керемет даму жағдайындағы елдерді өз билігіне бағындыру мүмкін болмас еді. Шығыс қоғамдарында орта ғасырлардың аяғына қарай тоқырау жағдайлары (өркениеттік теория тұрғысынан алғанда, өркениеттің қалыптасып, дамуы, шарықтау шегіне жеткеннен кейін орын алатын құлдырау фазасы), дамуға деген серпілістің баяулауы, яғни бір сөзбен айтқанда, өркениеттің шаршауы орын алған болатын. Оның үстіне, ғасырлар бойы өркениеттің авангардында болған Шығыс елдері Батыс елдеріне менсінбеушілікпен қарады, Батыстан төніп келген қауіпке тиісті көңіл бөлмеді, оны дұрыс бағаламады, яғни сырттан келген қиындыққа тиісті жауап қайтара алмады (өркениеттілік теориядағы қиындық – жауап).

Отарлау процесі Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын одан сайын тежеп, бұл елдердің Батыстың шикізат көзіне айналып қалуына алып келді. Ресурстарға бай Шығыс елдерін өз уысында мықтап ұстап отыру үшін, Батыс отаршылары бұрынғыдан да бетер құйтұрқы әрекеттерге барып отырды. Мысалы, мұнайға бай Таяу Шығыстың мұсылман елдерінде исламның әр түрлі жаңа бағыттарының пайда болуының себептерінің бірі – осы батыс империалистерінің түрткі болуынан екендігі айқын («Бөліп ал да, билей бер» қағидасына сәйкес).

XIX-XX ғғ. межесінде исламның әр түрлі бағыттарының көбейіп кетуінің тағы бір себебін осы уақытта Шығыстың оянуымен, яғни ұлт-азаттық қозғалыстардың өріс алуымен байланыстыруға болады. Ғасырлар межесінде Шығыстың мұсылман халықтарының Еуропа отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күресі «панисламизм» туы астында өрбігені белгілі. Панисламизм идеяларының негізін салушы мұсылман ғұламалары Жамал ад-дин әл-Ауғани (1839-1897) және Мұхаммед Абдүһ (1849-1905) болды. Сол кездегі артта қалған Египет қоғамын модернизациялау бағытында күрес жүргізген әл-Ауғани бүкіл әлем мұсылмандарының отаршылдыққа қарсы күресте бірігуін насихаттады. Бұл қозғалыстың идеологиялық негізі ислам діні болады деп жарияланды. Алайда, дәстүрлі, ескі формасында ислам бұл рөлді атқара алмайтын еді, сондықтан оны заман талабына сай реформалау қажеттігі айқын болды. Шығыс елдерінің артта қалып қоюының себебі ислам дінінде жатыр деп көрсетуге тырысқан француз ғалымы Эрнест Ренанмен айтыса отырып, әл-Ауғани, мұсылман өркениетінің құлдырауының себебін мұсылмандардың бірте-бірте бастапқы исламнан ауытқуы және оның надандар тарапынан енгізілген жаңалықтармен бұзылуы, осының салдарынан ислам өзінің прогрессивті рухынан айрылып қалуынан деп түсіндірді. Әл-Ауғанидің идеялары кейінгі мұсылмандық реформаторлық ойдың бастау көзі болды. Бұл идеяларды реформаторлардың кейінгі буындары қабылдап алып, ары қарай дамытты.

Мұсылмандық модернизацияның келесі ірі өкілі Әл-Ауғанидің шәкірті әрі қызметтес серігі Мұхаммед Абдүһ (1849-1905) болды. Абдүһ исламның сопылық бағытын қолдады, оны сопылықтың рухани кемелдікке жету талаптары, ішкі сенімге жетуге ұмтылушылығы және ресми догматикаға, сыртқы діншілдікке сыни көзқарасы қызықтырды. Кейінірек Абдүһ сол кездегі сопылықтың кері тұстарын да сынға алды, әсіресе іс-әрекет пен ой тазалығын формальді рәсімшілдік басқандығын, осы дүниедегі тіршілікке қызығушылықты жоққа шығаруын, сондай-ақ кедейлікті жақтауын сынға алды.

Панисламизм барлық мұсылман халықтарының христиандық Батысқа қарсы біртұтастығы идеясын насихаттады. Айта кететін жағдай, панисламизм өзінің қорғаныстық, мәдениағартушылық сипатын үнемі ашық жариялап отырғанына қарамастан, батыс тарихнамасы, соның ішінде орыс тарихшылары да (кейінірек кеңес тарихнамасы да) панисламизмді агрессорлық, жауынгерлік сипатта көрсетуге тырысты. Батыс елдері панисламизм қозғалысының өрістеуі Шығыс елдеріндегі отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күрестің өрістеуіне алып келетінін жақсы түсінді, сондықтан да бұл қозғалысты басып-жаншуға бар күшін салды. Панисламизмнің Ресейдің шығыс шекараларындағы Түркия мен Иранда кеңінен тарауы орыс отаршылдарының да тыныштығын алды. Өйткені, бұл идеялар, яғни «кәпірлердің» езгісінде отырған барлық мұсылман халықтарының бірлігі идеясы Ресей отарларындағы түркі-мұсылман халықтарының бірігуіне, олардың арасында орыстарға қарсы көңіл-күйдің орын алуына ықпал етер еді.

Панисламизм қозғалысымен, осы уақытта мұсылман елдерінде өріс алған жәдидшілдік қозғалыс тығыз байланыста өрбіді. Жәдидшілдердің қызметі исламда орын алған тоғышарлыққа, догматизмге, фанатизмге, дүмше-молдалыққа қарсы бағытталды. Осы жерде айта кететін жағдай, жәдидшілдер жалпы исламға қарсы күрескен жоқ, керісінше, исламды дағдарыстан алып шығып, оның ары қарай өркендеуіне жол ашуға тырысты. Жәдидшілдік көсемдері бұл қозғалыстың мәнін батыс өркениетіне нағыз шынайы исламдық интеллектулды жауап ретінде бағалады. Жәдидшілдер, өз ұстанымдары бойынша, нағыз мұсылмандар еді, олар Еуропа өркениетінің жетістіктерін мойындай отырып, сонымен бірге, оны мұсылмандық дүниетаным арқылы қабылдауға тырысты, олар исламның XX ғ. ғылыми ашылымдарына қайшы келмейтіндігін, керісінше бұл ашылымдарға ислам ғылымының негізінде қол жеткізілгендігін көрсетуге тырысты. Жәдидшілдік қозғалысының негізін қалаушы Исмаил Гаспралы «Мұсылмандық өркениет» атты мақаласында былай деп жазды: «Зерттеулер ислам өркениеттің негізінде

тұрғандығын көрсетеді және Құранда бұл қатынаста көп айтылған. ...Мұсылмандар ғылымға, еңбекке барынша ден қойып, өркениет қалыптастырды, бұл өркениет көне өркениеттің толықтай құлауынан жаңа өркениеттің пайда болуына дейін әлемге жарық беріп тұрды және соңғының пайда болу көзі болды. Осылайша, мұсылмандар еуропалық ғылым мен білімге бөтен еместігіне көз жеткіземіз» (Гаспринский, 2010).

Жәдидшілдік қозғалысының Қазақстандағы ірі өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлы болғаны белгілі. Ол халық арасында исламның дұрыс түсінігін насихаттауда көп еңбек сіңірді. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» атты діни-философиялық шығармаларында исламның өркениетке, ғылымға қайшы келмейтіндігі анағұрлым жоғары деңгейде негізделген (Құдайберді, 2007: 215-299). Аталмыш шығармалар автордың аса жоғары философиялық ізденістерін, батыс философтарының ең соңғы еңбектерімен таныстығын, Құранды терең білетіндігін көрсетеді. Өзінің негізгі міндетін Шәкәрім исламның негізгі қағидаларын жүйелеу, оны мектептерде қазақ тілінде оқыту және өз бетінше оқып білу үшін түсінікті әрі ыңғайлы ету деп білді. «Мұсылмандық шарты» атты еңбегін жазу себебін Шәкәрімнің өзі былай түсіндіреді: «Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан естігіп білген шығарсыздар. Олай болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазылған кітап жоқ болған соң, араб, парсы кітабын білмек түгіл ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман-ғибадат турасын шамам келгенше қазақ тіліменен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазаққа оқуға оңай болып, әрі оларға пайда әрі өзіме сауап болар ма екен деп, үміт еттім» (Құдайберді, 2007: 215). Кітаптың үлкен бөлігі шарияттың негізгі қағидаларын түсіндіруге арналған. Шәкәрім, іс жүзінде Құранның негізгі мәтінін қазақ тіліне алғашқы аударушылардың бірі болды. Оған дейінгі мұсылман авторлары мұсылман дінтанушылары шығармаларынан үзік-үзік қана келтіріп отыратын болған, сондықтан қазақ оқырманының Құран туралы түсінігі өте бұлыңғыр, білімі өте таяз болды. Шәкәрім исламның негізгі қағидаларын түсіндіріп қана қоймайды, ол дүмше-молдалардың исламды дұрыс түсіндірмей отырғандығын айыптап, олардың надандығын сынға алды. Ол оқырмандарды өзінің артынан еруге, яғни шынайы имандылыққа ден қоюға шақырды, оның түсінігінде шынайы сенім, яғни имандылық әрбір адамның жеке күш салуы, амалдары арқылы, соның ішінде, ғылым-білімге ден қоюы арқылы іске асады. Кітапта, сондай-ақ, сол дәуірдегі еуропалық философиялық ойды сынға алуға ерекше орын берілген. Әсіресе, Огюст Конттың ойларын сынға ала отырып, ол логикалық әдістер мен рационалды ой негізінде исламды материализм мен атеизмнен қорғауға тырысады. Шынайы, көзі ашық мұсылман ретінде, Шәкәрім өз заманының көкейкесті, өзекті мәселелеріне Құраннан жауап іздейді, және мұндай жауаптарды тауып, Құран аяттарымен оқырманның көзін жеткізе біледі.

Жәдидшілдіктің қазақ даласындағы келесі ірі өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің 1890 жылы «Дала уәлаятының газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің білім алуды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі үстірт пікірлерді теріске шығарады. Мал жиюдан басқа өнерге құлықсыздық таныта бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді... Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін өзі төменшікке алып, кішік көңіл болады» (Көпейұлы, 2008: 329). Қазақстандық зерттеуші С.А. Асанованың көрсетуі бойынша, жәдидшілдік объективті-прогрессивті тарихи үрдістің көрсеткіші, ол мұсылмандық және ұлттық рухтың, сонымен бірге гуманизм ұстанымдарының қорғаушысы болды (Асанова, 2013). Осы кезде

мұсылман әлемінің алдында үлкен таңдау тұрды: рухани және әлеуметтік-экономикалық салаларда белсенді түрде реформа жүргізу арқылы халықты өркениетке алып шығу немесе әлемдік қауымдастықтың артта қалған бөлігі ретінде Батыстың боданында қала беру. Бұған дейінгі әр түрлі халықтардың тарихи тәжірибесі реформаны білім беру жүйесінен бастау керек екенін көрсетіп берген болатын, өйткені халықтың сауатты бөлігі, кейінірек қоғамның барлық салаларындағы реформалардың жүруіне ықпал етеді. Сондықтан да жәдидшілдер өз реформасын білім беру саласынан бастап, кейінірек қоғамдық өмірдің барлық салаларында – баспа ісінде, театрда, тіпті, саяси салада да модернизациялық үдерістерді іске асыра бастаған еді. Өкінішке орай, бұл үдеріс большевиктердің билікке келуімен тоқтап қалды. Өйткені, өз ұстанымдары бойынша радикалдық идеяларды жақтаған большевиктер қоғамды модернизациялаудың реформалық жолын емес, революциялық жолын таңдады. Осы тұста тарихтың балама дамуы теориясын қолданатын болсақ, большевизм келіп келіп келгенде, жәдидшілдік идеяларының іске асуы ешқандай тап күресінсіз-ақ, қырып-жоюларсыз-ақ, өркениетті жолмен жәдидшілдік идеялары кең тараған түркі-мұсылман қоғамдарын дағдарыстан алып шығуы мүмкін еді деген қорытынды жасауға болады.

Қорытынды

Сонымен, мақалада ислам діні мен мұсылман елдері тарихының белесті кезеңдеріне талдау жасай отырып, алғаш пайда болған уақытында бейбітшілік пен рахымдылық, төзімділік пен ізгілік бастауы болған ислам дініне қазіргі таңда соғысқұмар, фанатизм, төзімсіздік, ланкестік айдарларының тағылуының объективті-тарихи себептерін анықтауға тырыстық. Бұл құбылысты бір жақты, үстірт бағалауға болмайтындығына көз жеткіздік. Оның себептерін, кейбір еуроцентристік зерттеушілер көрсететіндей, ислам дінінің немесе мұсылман халықтарының табиғатынан туындайтын фундаментализмге жақындығынан емес, ислам тарихының әр түрлі кезеңдерінде қалыптасқан тарихи жағдайлармен, орта ғасырлардың соңында Шығыс және Батыс қоғамдарының қасіретті кездесуі, сол кездесу кезінде орын алған объективті-тарихи даму заңдылықтарымен, одан кейінгі кезеңдерде мұсылман елдерінің артта қалуына себеп болған объективті жағдайлармен түсіндіру керек деген қорытындыға келеміз.

Ислам діні, кейбір үстірт көзқарастағы дилетанттар көрсететіндей соғысқұмар, фанатизмге белшесінен батқан дін емес, ол басқа да дамыған діни жүйелер тәрізді тек ізгілікке, мейірімділік пен сүйіспеншілікке, бейбітшілік пен төзімділікке шақырады. Жалпы, бүгінгі күні, тек ислам ғана емес, кез келген діни тағылымдардан адамзатты бір-бірімен табыстыратын бастауларды іздеген абзал. Барлық сенімдерге парасаттылықпен қарап, төзімділік таныту үшін әрбір дін өкілі ең алдымен, өзі ұстанатын дінді толық меңгеруі қажет, өйткені діни төзімділік, адамсүйгіштікке шақыру кез келген дінде бар. Басқаша болуы мүмкін емес. Өйткені, руханиаттың қайнар көзі болып табылатын діннің ең басты міндеті адамзатты рухани құндылықтармен өмір сүруге, соның ішінде, ең алдымен бейбітшілік пен татулыққа шақыру екені даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Асанова С.А. (2013). Ислам в духовной культуре Казахстана начала XX века. – 23 августа, 2013. – [Электронный ресурс] https://e-history.kz/ru/contents/view/islam_v_duhovnoi_kulture_kazakhstan_nachala_hh_veka_904(қаралған күні: 14.01.2020)
- Выступление Президента Республики Казахстан на открытии I Съезда лидеров мировых и традиционных религий в Астане. 23 сентября 2003 г. – [Электронный ресурс] – religionscongress.org/content/view/17/32/lang,russian/(18.02.2020)
- Гаспринский И. (2010). Мусульманская цивилизация. Газета «Переводчик-Терджиман». 1884 г. – 17 июня, № 22. <https://islam.in.ua/ru/islamovedenie/musulmanskaya-civilizaciya> (14.01.2020)
- Goldziher I. (1884). Die Zāhiriten: Ihr Lehrsystem und ihre Geschichte. –Leipzig, 1884. – 94 p.
- Идрис Шах. (1994). Суфизм. – Москва, 1994. – 294 с.
- Калхун К. Национализм. М.: Издательский дом «Территория будущего», 2006. – С. 225-226.

- Круглый стол (2017) «Что происходит в современном исламском мире: попытка концептуализации» (Ирина Стародубровская, Орхан Джемаль, Эмиль Пайн, Василий Кузнецов, Дмитрий Узланер, Ахмет Ярлыкапов). Государство. Религия. Церковь в России и за рубежом. – Москва, 2017. – №3 (35). с. 265-300.
- Кэрролл Дж. (2009). Диалог цивилизаций. – Алматы, 2009. – 5 с.
- Құдайберді Ш. (2007). Шығармалары. II том. – Алматы. 624 б.
- Құран Кәрім. (2000). Қазақша мағынасы және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. – Алматы, 2000. 474 б.
- Льюис Бернард. (2003) «Что не так? Путь Запада и Ближнего Востока: прогресс и традиционализм». – Москва: «Олимп-Бизнес», 2003. – [Электронный ресурс] <https://www.livelib.ru/book/1000026879-что-не-так-пут-запада-i-blizhnego-vostoka-progress-i-traditsionalizm-bernard-lyuis> (02.03.2020)
- Макаров Д. (2000). Официальный и неофициальный ислам в Дагестане. – Москва, 2000. – 27 с.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2008). Баянауылдан. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ГӨФ, 2008. – 385 б.
- Саттаров Ф.Ф. (2010). Религия как форма духовности. Материалы международной научно-практической конференции «Новые религиозные движения в Евразии». – Астана, 2010. – 51 с.
- Стародубровская И. (2007) Исламская реформация: эвристическая ценность подхода. Государство. Религия. Церковь в России и за рубежом. – Москва, 2007. – №3(35). – С. 265-300.
- Суфии: Восхождение к истине. /Составление, пересказ текстов, предисловие, словарь Лео Яковлева. – Москва, 2007. – 139 с.
- Фильштинский И.М. (1999). История арабов и Халифата (750-1517 гг.). – Москва, 1999. – 93 с.

REFERENCES

- Asanova S.A. (2013). Islam v duhovnoi culture Kazahstana nashala XX veka (Islam in the spiritual culture of Kazakhstan at the beginning of the twentieth century). – August 23, 2013. – [Elektron. resurs] https://e-history.kz/ru/contents/view/islam_v_duhovnoi_kulture_kazahstana_nachala_xx_veka_904 (in Russian). (14.01.2020)
- Vystuplenye rezidenta Respubliki Kazakstan na otkrytii I Syezda liderov mirovyh I traditsionnyh religii v Astane [Speech by the President of the Republic of Kazakhstan at the opening of the 1st Congress of Leaders of World and Traditional Religions in Astana]. September 23, 2003 – [Electronic resource] – religionscongress.org/content/view/17/32/lang.russian/ (in Russian). (18.02.2020)
- Gasprinsky I. (2010). Muslim civilization. Newspaper «Translator-Terjiman» 1884 – June 17, № 22. – [Elektron. resurs] <https://islam.in.ua/ru/islamovedenie/musulmanskaya-civilizaciya> (in Russian). (14.01.2020)
- Goldziher I. (1884). Die Zāhiriten: Ihr Lehrsystem und ihre Geschichte. –Leipzig, 1884. – 94 p.
- Idris Shah. (1994). Sufism. – Moscow, 1994. – 294 p. (in Russian)
- Kalhun K. Nacionalizm. [Nationalism]. Moscow.: Publishing House «Territory of the Future», 2006. – P. 225-226. (in Russian).
- Krugly stol (2017). «Chto proishodit v sovremennom islamskom mire: popytka konceptualizacii» Round table: «What is happening in the modern Islamic world: an attempt to conceptualize». (Irina Starodubrovskaya, Orhan Cemal, Emil Pain, Vasily Kuznetsov, Dmitry Uzlaner, Akhmet Yarlykapov). Gosudarstvo, religia, cerkov. – Moscow, 2017. – № 3 (35) – P. 265-300. (in Russian).
- Carroll J. (2009). Dialog ciwilizacii [Dialogue of Civilizations]. – Almaty, 2009. – 5 p. (in Russian).
- Kudaiberdy Sh. (2007). Shygarmalary (Artworks). Tom II. – Almaty. 624 p. (in Kazakh)
- Koran. (2000). Qazaqsha magynasy jane tysinigi [The meaning and concept in the Kazakh language]. – Almaty, 2000. 474 p. (in Kazakh)
- Lewis Bernard (2003) «What's Wrong? The Way of the West and the Middle East: Progress and Traditionalism». – Moscow, 2003. – [Elektron. resurs] <https://www.livelib.ru/book/1000026879-что-не-так-пут-запада-i-blizhnego-vostoka-progress-i-traditsionalizm-bernard-lyuis> (in Russian). (02.03.2020)
- Makarov D. (2000). Oficialny I neoficialny islam v Dagestane [Official and unofficial Islam in Dagestan]. – Moscow, 2000. – 27 p. (in Russian).
- Mashhur Zhusyp Kopeiuly (2008). Bajanaulydan / Shygarmalary (From Bayanaul/Artworks). Tom 13. – Pavlodar: «Eko», 2008. – 385 p. (in Kazakh)
- Sattarov F.F. (2010). Religya kak forma duhovnosti [Religion as a form of spirituality]. Materials of the international scientific-practical conference «New religious movements in Eurasia». – Astana, 2010. – 51 p. (in Russian).
- Starodubrovka I. (2007). Islamskaja reformacia: evristicheskaia cennost podhoda [Islamic reformation: heuristic value of the approach]. State. Religion. Church in Russia and abroad. – Moscow, 2007. – №3 (35). with. 265-300. (in Russian).
- Sufii: Voshozhdenie k istine [Ascent to the truth]. /Sostavlenie, pereskaz tekstov predislovie, slovar Leo Iakovlevna. – Moscow, 2007. – 139 p. (in Russian).
- Filshinsky I.M. (1999). Istorya arabov I halifata (750-1517 gg.) [History of the Arabs and the Caliphate (750-1517)]. – Moscow, 1999. – 93 p. (in Russian).

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М. Шаншарбек У. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІГУІ МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	16
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ШУ Өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің стратиграфиясы (X-XII ғғ.).....	25
Атығаев Н.Ә. ТАҒЫ ДА ҚАСЫМ ХАННЫҢ Қайтыс болған уақыты мен жерленген жері туралы.....	41
Ахантаева Ә.Ж. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДА ЕГІНШІЛІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЖОРА-ЖОСЫНДАР, Аңыз- ӘПСАНАЛАР.....	48
Бахтыбаев М.М. Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖЕТІСУ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	60
Билалов С.У., Тәжекеев Ә.Ә., Дәрменов Р.Т. ЕРТЕОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОРТӨБЕ 1 ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....	77
Ғалиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНАН «БІР БЕЛДЕУ ЖӘНЕ БІР ЖОЛҒА».....	89
Джумағазиева А.Н. ИРАНДАҒЫ САЯСИ ӨМІРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯДАН КЕЙІНГІ ИСЛАМИЗАЦИЯСЫ.....	103
Жылгелді Ж.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ (Шығыс Қазақстан мысалында).....	115
Жылқышыбаева Қ.Қ. ЕУРОПАДАҒЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТАРИХИ БІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....	122
Ибраева А.Ғ., Садықов Т.С., Темірханова Ә.С. АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ХАКІМ АБАЙ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ХАҚЫНДА.....	136
Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С. ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН (тарихи-салыстырмалы талдау).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ (ҒАЛЫМЖАН ӘБСӘЛМОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МУЗЫКАНТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	159
Ильясова К.М. МИЛЛИОН ИЕРОГЛИФТАН ТҰРАТЫН МАНУСКРИПТ (проф. Т.З. Қайыркеннің «Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы» қолжазбасын зерттеу жобасы негізінде).....	174
Иманалиева Е. XVI ғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ЕМБІ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІ.....	193
Исова Л., Апсаттарова Г. ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР АУҚЫМЫНДАҒЫ	199
Кәрібаев Б.Б., Нұртазина Н.Д. ӨЗ-ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ (шығыс нарративтері мен қазақтың шежіре аңыздары негізінде)	211
Күлдібаев Е.Қ., Саркулова С.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ИСПИДЖАБ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨңірегіндегі ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІМЕКЕНДЕР.....	242

Қартабаева Е.Т. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІ.....	253
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ – БІЗ ҮШІН ЕУРОПА ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ЖАТ ТӨҢКЕРІС.....	265
Мажибаева Ш.О. 1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕТ ЕЛГЕ БОСУЫ.....	273
Мажиқызы Н. ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРІ ӨНДЕУ ӨНЕРІ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З. ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	286
Мұхатова О.Х., Садвокасова З.Т. МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС.....	293
Мұхитов Қ. ҚАЗАҚ КҮРЕСІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	307
Мұхитов Қ.С. МАҚАТ-ӨЗЕН ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУЫ.....	318
Надырбеков Н.К. ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САКРАЛЬДЫ ТОПОГРАФИЯСЫ.....	326
Оспанғалиев Қ.Ә. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАУ ӨТКІЗУ НАУҚАНЫНЫҢ БАРЫСЫ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫ ЖӘНЕ ОҒАН ІРГЕЛЕС АУДАНДАРДАҒЫ САРМАТ МӘДЕНИЕТІ: ПРОБЛЕМАЛАР, ГИПОТЕЗАЛАР.....	350
Рахбаев Қ.Қ. ЖЕЛТАУ МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX Ғ. ОРТАСЫ XX Ғ. БАСЫ).....	363
Садыкова А.М. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ...371	371
Сүгірбаева Г.Д., Исабек Б.Қ., Омарбаев Ы.К. ҚАЗАҚ КСР БОЙЫНША ШЕТЕЛГЕ БАРУДЫҢ ҚҰЖАТТЫҚ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТӨРТІПТЕРІ: ТОҚЫРАУ КЕЗЕҢІ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШІ ЖЫЛДАРЫНДА ЕРТІС ӨНІРІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ: КЛАССИФИКАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М. СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ «ДОСАН БАТЫР» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.....	395
Толамисов А.Ғ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ "КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРДЫҢ" РӨЛІ.....	417
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. XIX-Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX-Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МИНЕРАЛДЫ ШИКІЗАТТАРДЫ ӨНДЕУ ӨНДІРІСТЕРІ.....	425
Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРЫ (XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. басы).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ОҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	452
Шашаев Ә.Қ., Смағұлов Б.Қ., Тылахметова А.С. ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ ҚАБІР ҮСТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ.....	460
Шілдебай С.Қ. СЕЙІТҚАЛИ МЕНДІШЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ.....	472

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Нұсқабай П.П., Сабанчиева Ж.М. ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША.....	5
Азмуханова А., Эгамбердиев М., Шаншарбек У. ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КОНСОЛИДАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....	16
Акымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. СТРАТИГРАФИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТОРТКУЛИ В ШУЙСКОМ ДОЛИНЕ (X-XII вв.).....	25
Атыгаев Н.А. ЕЩЕ РАЗ О ВРЕМЕНИ СМЕРТИ И МЕСТЕ ЗАХОРОНЕНИЯ КАСЫМ-ХАНА.....	41
Ахантаева А.Ж. ОБЫЧАИ, ПРИМЕТЫ И ЛЕГЕНДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА, СВЯЗАННЫЕ С ЗЕМЛЕДЕЛИЕМ.....	48
Бахтыбаев М.М. ВКЛАД Н.Н. ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИЕ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ.....	60
Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАБОТЫ НА РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СОРТОБЕ I.....	77
Галиев А.А., Устемирова А.О., Қыдырғажы Б.М. ОТ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ К «ПОЯСУ И ПУТИ».....	89
Джумагазиева А.Н. ПОСТРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСЛАМИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ В ИРАНЕ.....	103
Жылгелді Ж.С. ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В 20-30 ЛЕТ XX ВЕКА.....	115
Жылкышыбаева К.К. ВЗГЛЯДЫ НА ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ УЧЕНЫХ В ЕВРОПЕ: ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ.....	122
Ибраева А.Г., Садыков Т.С., Темирханова А.С. ИССЛЕДОВАНИЯ О ХАКИМ АБАЕ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА МАНАШ КОЗЫБАЕВА.....	136
Ибраева А.Г., Темирханова А.С. СЕВЕРНЫЙ КАЗАХСТАН СКВОЗЬ ВЕКОВ (историко-сравнительный анализ).....	147
Ильясова К.М., Байманов А.А. СКРИПАЧ АЛИМ АЛМАТ (ГАЛИМЖАН АБСАЛЯМОВ) И ЕГО СТАНОВЛЕНИЕ КАК МУЗЫКАНТА.....	159
Ильясова К.М. МАНУСКРИПТ СОСТОЯЩИЙ ИЗ МИЛЛИОНА ИЕРОГЛИФОВ (по проектам исследования рукописей «Су Бэйхай. Общая история казахов» проведенных проф. Турсунханом Закенулы Кайыркеном).....	174
Иманалиева Е. ОСОБЕННОСТИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVI ВЕКЕ.....	187
Исмаилов С.С., Еришева А.А. ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ УРАЛО-ЭМБИНСКОГО НЕФТЯНОГО РАЙОНА И ПЕРВЫЕ НЕФТЕПРОМЫСЛЫ....	193
Исова Л., Апсаттарова Г. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И ИРАНА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ.....	199
Карибаев Б.Б., Нуртазина Н.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ФИГУРА КАЗАХСКОГО ХАНА АЗ-ДЖАНИБЕКА(на основе восточных нарративов и генеалогических мифов казахов).....	211
Кулдибаев Е.К., Саркулова С.Д. ГОНЕНИЯ НА ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА В 30-Х ГОДАХ XX ВЕКА.....	232
Қайыркен Т.З., Ильясова З.С. ИСПИДЖАБ И БЛИЗЛЕЖАЩИЕ К НЕМУ ГОРОДА И НАСЕЛЕННЫЕ ПУНКТЫ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	242
Картабаева Е.Т. ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСЛАМ.....	253
Койгелдиев М.К. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: ИДЕЯ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ ДЛЯ НАС БЫЛА ЧУЖАЯ.....	265
Мажибаева Ш.О. МАССОВОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ КАЗАХОВ ЗА РУБЕЖ В 1928-1933 ГОДЫ.....	273

Мажикызы Н.	
ИСКУССТВО ОБРАБОТКИ КОЖИ У КАЗАХОВ КИТАЯ.....	279
Макашева К.Н., Шалкеева З.	
ОРГАНИЗАЦИЯ ИСЛАМСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА.....	286
Мухатова О.Х., Садвокасова З.Т.	
ВООРУЖЕННОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В МАНГИСТАУ.....	293
Мухитов К.	
КАЗАХСКАЯ БОРЬБА: ПРОШЛОЕ, СЕГОДНЯ И БУДУЩЕЕ.....	307
Мухитов К.	
СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ МАКАТ-УЗЕНЬ.....	318
Надырбеков Н.К.	
САКРАЛЬНАЯ ТОПОГРАФИЯ ДРЕВНЕГО И СРЕДНЕВЕКОВОГО ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	326
Оспангалиев К.А.	
О ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ВЫБОРОВ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	340
Раздыков С.З., Зайнов А.М.	
САРМАТСКАЯ КУЛЬТУРА НА СЕВЕРО-ВОСТОЧНОМ ПРИКАСПИИ В ПРИЛЕГАЮЩИХ К НЕМУ РАЙОНАХ: ПРОБЛЕМЫ, ГИПОТЕЗЫ.....	350
Рахбаев К.К.	
ИСТОРИЯ ЖЕЛТАУСКИХ МЕЧЕТЕЙ (СЕРЕДИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ).....	363
Садыкова А.М.	
ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ В ПЕРИОД ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....	371
Сугирбаева Г.Д., Исабек Б.К., Омарбаев Ы.К.	
ПОРЯДОК РЕГИСТРАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ ВЫЕЗДА ЗА ГРАНИЦУ В КАЗАХСКОЙ ССР: ПЕРИОД ЗАСТОЯ.....	379
Сыздыкова А.М., Молдакимова А.С.	
АКТИВНОСТЬ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ДВИЖЕНИЙ ПРИИРТЫШЬЯ 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА: КЛАССИФИКАЦИЯ И МЕТОДЫ.....	388
Тайман С.Т., Сүгірбай М.	
ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ В ДАСТАНЕ С.ЖАНГАБЫЛОВА «ДОСАН БАТЫР».....	395
Толамисов А.Г.	
ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСКИХ ДИАСПОР И РОЛЬ «МАЛЫХ КУРУЛТАЕВ».....	417
Тулебаев Т.А., Абикинова Г.Е.	
ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ОБРАБОТКА МИНЕРАЛЬНОГО СЫРЬЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX.....	425
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А.	
ВНЕШНИЕ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА В КАЗАХСКИХ СТЕПЯХ (вторая половина XVIII - начало XIX вв.).....	437
Хабижанова Г.Б., Алмагамбетова А.М.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЛЕМЕНАМИ КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА И ОГУЗАМИ.....	452
Шашаев А. К., Смагулов Б. К., Тылахметова А.С.	
НАМОГИЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГЕНЕАЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХОВ КАЗАХСТАНА И РОССИИ.....	460
Шилдебай С.К.	
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЕЙТКАЛИ МЕНДЕШЕВА.....	472

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Nuskabay P.P., Sabanchieva Zh.M. INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA.....	5
Azmukhanova A., Egamberdiyev M., Shansharbek U. PROBLEMS OF STUDYING CONSOLIDATION AND COOPERATION OF TURKIC PEOPLES OF THE LATE XIX - EARLY XX CENTURIES.....	16
Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. THE STRATIGRAPHY OF MEDIEVAL TORTKULS IN SHU VALLEY (X-XII cc.).....	25
Atygayev N.A. ONCE AGAIN ABOUT THE TIME OF DEATH AND THE PLACE OF BURIAL KASYM-KHAN.....	41
Akhantaeva A.Zh. THE KAZAKH CUSTOMS, TRADITIONS AND LEGENDS RELATED TO AGRICULTURE.....	48
Bakhtybaev M.M. N.N. PANTUSOV'S CONTRIBUTION IN THE STUDY OF THE MONUMENT OF THE SEMIRECHYE.....	60
Bilalov S.U., Tazhekeyev A.A., Darmenov R.T. ARCHAEOLOGICAL RESEARCH ON THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT.....	77
Galiev A.A., Ustemirova A.O., Kydyrgozhy B.M. OF SORTOBE 1 FROM GREAT SILK ROAD TO "ONE BELT ONE ROAD".....	89
Jumagazyeva A.N. POST-REVOLUTIONARY ISLAMIZATION OF POLITICAL LIFE IN IRAN.....	103
Zhylgeldi Zh.S. SOURCES OF HISTORY OF COLLECTIVIZATION IN 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	115
Zhylkyshybayeva K.K. VIEWS ON THE HISTORICAL EDUCATION OF SCIENTISTS IN EUROPE: A HISTORICAL-PHILOSOPHICAL ANALYSIS.....	122
Ibraeva A.G., Sadykov T.S., Temirkhanova A.S. RESEARCH ON HAKIM ABAI IN THE WORKS OF ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV.....	136
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S. NORTH KAZAKHSTAN THROUGH THE AGES (historical and comparative analysis).....	147
Ilyassova K.M., Baimanov A.A. VIOLINIST ALIM ALMAT (GALIMZHAN ABSALYAMOV) AND HIS PATH OF BECOMING AS A MUSICIAN.....	159
Ilyassova K.M. A MANUSCRIPT CONSISTING OF MILLION HIEROGLYPHICS (on manuscript research projects «Su Beihai. The general history of the Kazakhs» conducted by Prof. Tursunkhan Zakenuly Kayirken).....	174
Imanalieva E. GOALS AND FEATURES OF KAZAKH KHANATE'S FOREIGN POLITICAL RELATIONS IN THE XVI CENTURY.....	187
Ismailov S. S., Yerisheva A.A. HISTORY OF DEVELOPMENT OF THE URAL-EMBINSKY OIL REGION AND THE FIRST OIL FIELDS.....	193
Isova L., Apsattarova G. RELATIONSHIP BETWEEN KAZAKHSTAN AND IRAN IN THE FRAMEWORK OF MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES.....	199
Karibayev B.B., Nurtazina N.D. HISTORICAL FIGURE OF KAZAKH KHAN AZ-JANIBEK (based on the eastern narratives and genealogical myths of Kazakhs).....	211
Kuldybaev E., Sarkulova S. THE PERSECUTION OF ARTISTS IN THE 1930S.....	232
Kaiyrken T.Z., Ilyassova Z.S. SISFIDJAB AND NEARBY TOWNS AND LOCALITIES IN MEDIEVAL WRITTEN SOURCES.....	242
Kartabayeva E.T. SPIRITUAL MODERNIZATION AND ISLAM.....	253
Koigeldiyev M. MAGZHAN ZHUMABAYEV: THE IDEA OF THE OCTOBER REVOLUTION WAS FOREIGN TO US.....	265

Mazhibayeva Sh.O.	
MASS MIGRATION OF KAZAKHS ABROAD IN 1928-1933.....	273
Mazhikyzy N.	
LEATHER TREATMENT ART AT THE CHINESE KAZAKHS.....	279
Makasheva K.N., Shalkeyeva Z.	
ORGANIZATION OF ISLAMIC COOPERATION AND THE EUROPEAN UNION: MAIN AREAS OF COOPERATION.....	286
Mukhatova O., Sadvokasova Z.T.	
THE ARMED RESISTANCE IN MANGISTAU.....	293
Mukhitov K.	
KAZAKH WRESTLING: PAST, TODAY AND FUTURE.....	307
Mukhitov K.	
CONSTRUCTION OF THE MAKAT-UZEN RAILWAY.....	318
Nadyrbekov N.K.	
SACRED TOPOGRAPHY OF ANCIENT AND MEDIEVAL KAZAKHSTAN.....	326
Ospangaliyev K.A.	
ON THE COURSE OF THE ELECTION OF THE ALL-RUSSIAN FOUNDING MEETING OF THE EAST KAZAKHSTAN REGION.....	340
Razdykov S.Z., Zainov A.M.	
SARMATIAN CULTURE IN THE NORTH-EAST CASPIAN AND ADJACENT AREAS: PROBLEMS, HYPOTHESES.....	350
Rakhbayev K.K.	
HISTORY OF ZHELTAU MOSQUES (MID-XIX-EARLY XX CENTURIES).....	363
Sadykova A.M.	
POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN RELATION TO RELIGION DURING WORLD WAR II.....	371
Sugirbayeva G.D., Issabek B.K., Omarbayev Y.K.	
REGISTRATION SYSTEM PROCEDURE FOR DOCUMENTING TRAVEL ABROAD IN THE KAZAKH SSR: PERIOD OF STAGNATION.....	379
Syzdykova A., Moldakimova A.	
ACTIVITY OF ECOLOGICAL MOVEMENTS OF PRIYRTISHIYA IN THE 80s OF THE XX CENTURY: CLASSIFICATION AND METHODS.....	388
Taiman S.T., Sugurbay M.	
HISTORICAL SOURCES IN THE EPIC POEM OF S.ZHANGABYLOV «DOSAN BATYR».....	395
Tolamissova A.G.	
INTEGRATION OF THE KAZAKH DIASPORES AND THE ROLE OF «SMALL KURULTAIS».....	417
Tulebaev T.A., Abikenova G.E.	
PRODUCTION OF BUILDING MATERIALS AND PROCESSING OF MINERAL RAW MATERIALS IN THE SOUTH OF KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 19TH - EARLY 20TH CENTURIES.....	425
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A.	
EXTERNAL FACTORS OF THE POLITICAL CRISIS IN THE KAZAKH STEPPES (second half of the 18-th - the beginning of the 19-th centuries).....	437
Habizhanova G.B., Almagambetova A.M.	
SOME ASPECTS OF RELATIONS BETWEEN THE TRIBES OF KARAKHANID STATE AND THE OGHUZES.....	452
Shashaev A., Smagulov B., Tylakhmetova A.	
GRAVE CONSTRUCTIONS OF GENEALOGICAL GROUPS OF KAZAKHS IN KAZAKHSTAN AND RUSSIA.....	460
Shildebay S.	
PUBLIC, POLITICAL AND STATE ACTIVITIES OF SEYTKALI MENDESHEV.....	472

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 1(21)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй